

«Созақ ауданының адами әлеуетті дамыту бөлімінің "Балдырған" бөбекжай –балабақшасы
мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны

14.10. 2022 ж

Құмкент ауылы

Хаттама №1

Жалпы ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 63

Қатысқаны: 38

Тақырыбы: «Жаңа оқу жылындағы мақсат-міндеттермен таныстыру»

Мақсаты: жаңа оқу жылының мақсат міндеттерімен және жыл бойы жүргізілетін жұмыс мазмұнымен таныстыру.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. 2022-2023 оқу жылына жалпы ата-аналар комитетін сайлау. Балабақшаның күн тәртібімен таныстыру.
2. Бағдарлама: Жаңадан қабылданған балалардың бөбекжайға бейімделуі.
3. «Отбасы махаббаты неде?» тренинг
4. Маусымдық іс-шара жоспарымен таныстыру. Медбике

ТЫҢДАЛДЫ

1.Менгерушісі Т.Бимырзаева:

"Балдырған" бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарында бес білім дағдылары бойынша жыл басында перспективалық тақырыптық жоспар түзіліп, білім беру жүйесі Қазақстан Республикасының жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде шыққан үлгілік оқу бағдарламамен таныстырып, осы бағдарлама аясында білім беретіндіктерін айтып өтті. Біздің өскелең ұрпағымыздың алғашқы сатысы білім мен тәрбие көзі балабақшадан бастау алады. Егеменді еліміздің өскелең ұрпағын тәрбиелеу үшін тәрбие жұмысының қыр-сырына терең бойлай алатын, шығармашыл,жан-жақты озық ойлы жана тәсілді жетік білетін сенімді, білімді мамандар екенін және қазіргі таңда балабақшамыз жас мамандармен толығып келетінін, балабақшамыздың жоспарында берілген ұйымдастырылған іс-әрекетті тәрбиешілер үнемі жүргізіп отыратындықтан балаларды Отан сүйгіштікке, өз ана тілін қадірлей білуге тәрбиелеуде,- деп айтып өтті.

Әдіскер О.Татимова:

Ата-аналар комитетінің 2021-2022 оқу жылындағы құрамы өз міндеттерін, тапсырылған жұмыстардың атқарылуына зор ынтамен атсалысқанына балабақша әкімшілігінің атынан алғысын айта келіп, биылғы 2022-2023 оқу жылының жалпы ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау

керектігін айтып өтті. Себебі ата-аналар комитетінің құрамында мектеп жасына толуына байланысты балабақшадан шыққан балалардың ата-аналарының бар екендігін, соған байланысты комитет мүшелерінің жаңартылу керектігі айтылды.

ЖАРЫССӨЗ

Ата-ана Пернебек Перизат: Балабақша әкімшілігінің бұл ұсынысына толық қосыламын. Өз ұсынысымды айтар болсам, қолынан іс келетін, ұйымдастыру қабілеті жоғары Жайна апай болса деймін.

Ата-ана Сәбитқызы Балнұр: бұл ұсынысқа мен де қосыламын және барлық ата-аналар ұсынысты қолдайды деп сенемін. Ата-аналар комитетінің төрайымы Жұматай Жайна, көмекшілері Пернебек Перизат, Байырбекова Бақытгүл, Шынтаева Толғанай деп ұсыныс білдіремін. Бұл ұсынысты барлық ата-аналар бір ауыздан құптады.

2. Психолог Г.Абдуллаева: Жаңадан қабылданған балалар балабақшаға бейімделу үшін әрине үштік одақтың бір бірімен тығыз байланысы керек. Бейімделу айында ата-ана баламен уақыт өткізуді жоспарлау қажет. Бұл әрине кіші топта орын алады. Ал ортаңғы, ересек топтарда оларды топтарға бейімдеу үшін топ бөлмелеріне саяхаттар, таныстыру жұмыстары жүргізіледі.

3. Психолог Г.Абдуллаева

Ата-аналарға қазіргі уақытта заман талабына сәйкес ұялы телефон қолданысы өте жоғары. Жұмыс барысында қолдану кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау қажет. Балалармен бірге уақыт өткізген сәтте ұялы телефонды пайдаланбау дұрыс. Көп балаларда кездесетін сөздік дыбыстардың бұзылуы, тілдің кеш шығуы, балалардың ашушаң болуыны ұялы телефондардың зияны бар. Осы орайда балаға отбасының махаббаты өте зор үлес атқарады. Ол ата мен әженің даналық сөздерін тыңдату, ата-ананың отбасындағы тәрбиесін бойына сіңіру мен бауырларымен бірігіп отбасындағы жұмыстарға баулу керектігі қазіргі таңда өзекті мәселе. Осылай ғана баланы бір мезет ұялы телефоннан шектей аламыз. Күнделікті тіршілікте ұялы телефонды белгілі бір уақыт аралығында ғана пайдалану керектігін түсіндіріп өтті.

4. Медбике У. Байрбекова

Күз мезгіліне орай, балабақшада маусымдық іс-шараның жасалғанын, соған орай балаларды балабақшаға жылы киіндіріп жіберу, жеке тазалықты сақтау жөнінде ата-аналарға түсіндіріп өтті.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Ата-аналар комитетінің жаңа құрамы бір ауыздан сайлансын.
2. Ата-аналармен қарым-қатынас жасау басты назарға алынсын.
3. Тақырыптық баяндамалар бойынша жұмыстар жүргізу, топ тәрбиешілері мен әдіскерге, психологқа тапсырылсын.
4. Маусымдық жұмыстың іс-шарасы бойынша жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізу медбикеке міндеттелсін

Балабақша меңгерушісі

Т.Бимырзаева

Ата-аналар комитетінің төрағасы

Ж.Жұматай

Хатшы

Г.Абдуллаева

29.05. 2023 ж

Құмкент ауылы

Хаттама №2

Жалпы ата-аналар жиналысы

Қатысуы тиіс: 63

Қатысканы: 45

Тақырыбы: Бала- біздің болашағымыз

Мақсаты: Ата-аналарға балалардың құқығы маңызды екенін түсіндіру. Ата-ана- біздің еліміздің кішкентай азаматтарының негізгі гранты болып табылатынын ұғындыру.

КҮН ТӘРТІБІНДЕ

1. Балабақша тынысымен, өткізілген іс-шаралармен таныстыру.
2. Жыл бойы жүргізілген оқу тәрбие жұмысының қорытындысы
3. «Жануарлар әлемі» ойыны
4. «Жаз мезгілінде жұкпалы аурулардың алдын алу» баяндама
5. Ағымдағы мәселелер

ТЫҢДАЛДЫ

І.Менгерушісі Т.Бимырзаева:

"Балдырған" бөбекжай-балабақшасының жылдық жұмыс жоспарына сай жылдық жұмыс жоспарының барлық құрылымына сәйкес жұмыстар толық жүргізілді деп есептейміз. Ағымдағы оқу жылында педагогтеріміз білімін көтеріп, тәрбиеленушілеріміз Халықаралық, республикалық деңгейде ұйымдастырылған қашықтықтан ұйымдастырылған бірнеше байқауларға катысып, жүлделі орындарға ие болды. Бұл жетістіктердің барлығы сіз бен біздің бірлесе жұмыс жасауымыздың арқасы деп білемін. Сондай, ақ тәрбиеленушілеріміздің білімдері мен біліктерінің қорытынды деңгейінен балалармен ұйымдастырылған түзету іс-шараларының өз деңгейінде жүргенін байқадыңыздар. Алдағы уақытта да осындай қарқынмен балаларға білім мен тәрбиені сіңіруде жұмыс атқарамыз деп сіздерді сендіремін.

Әдіскер О.Татимова:

2022– 2023 оқу жылы бойынша балабақшада жас ерекшеліктеріне сай 3 топта 65 бала тәрбиеленді.

Қойылған міндеттерді орындау мақсатында балабақшада жоспарлы жүйелі түрде жұмыс жасалды.

Балабақшаның негізгі жұмыс бағыттары – балалардың денсаулығын сақтау, нығайту және әлеуметтік ортаға бейімдеу, табысты түлектің күзiреттiлiгiн қалыптастыру. Жүйелi түрде: балалардың ағзаларын шынықтыру ретiнде танертенгiлiк жаттығу, серуенде қимылды ойындар, iс-әрекетерде сергiту сәттерi өткiзiлдi. Педагогикалық ұжым барлық жас ерекшелiктерiне сай топтардағы өтiлетiн сауықтыру шынықтыру шараларына баса көңiл бөлдi. Бұл шынықтыру шаралары: күндiзгi ұйқыдан кейiнгi түрлi сауықтыру шаралары, релаксациялық және тыныс алу жаттығулары, бұлшық еттерге нүктелi жаттығулар, кү, су, ауа процедурасы, дәрумендермен қамтамасыз етiлдi.

Педагог мамандардың бiлiм көтеру көрсеткiшi

- Тәрбиешi Абдраманова Дана Есеновна - «Назарбаев Зияткерлiк мектептерi» ДББҰ ПШО мектепке дейiнгi педагогтерiнiң бiлiктiлiгiн арттырудың бiлiм беру бағдарламасы бойынша «Баланы ерте дамыту бағдарлары» 170 академиялық сағат көлемiндегi курс (сертификат);
- Тәрбиешi Пернебек Жазира Бактиярқызы- мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдары педагогтерiнiң ойын күзiреттiлiгiн дамыту(сертификат);
- Тәрбиешi Пернебек Жазира Бактиярқызы- мектепке дейiнгi ұйымдарының оқыту мен тәрбиелеу үдерiсiнде М.Монтессори педагогикасын қолдану жолдары тақырыбындағы оқыту семинарына қатысқаны үшiн (сертификат);
- Тәрбиешi Бижанова Жадыра Бейбiтқызы - мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдары педагогтерiнiң ойын күзiреттiлiгiн дамыту (сертификат);
- Тәрбиешi Бижанова Жадыра Бейбiтқызы - мектепке дейiнгi бiлiм беру ұйымдарының оқыту мен тәрбиелеу үдерiсiнде М.Монтессори педагогикасын қолдану жолдары (сертификат);
- Тәрбиешi Еркiнбекова Гүлжамал Қуанышбекқызы-
- Тәрбиешi Әдiлбекова Роза Өтегенқызы-

Балабақшаның жеткен жетiстiктерi

- Тәрбиешi Пернебек Жазира Бактиярқызы – 16-тамыз Созақ ауданының Жастары күнi мерекесiне орай алғыс хат;
- Тәрбиешi Еркiнбекова Гүлжамал Қуанышбекқызы- Ұстаздар күнi мерекесiне орай алғыс хат;
- Тәрбиешi Абдраманова Меруерт Есеновна – «Сәлем,күз!» атты қашықтықтан өткiзiлген Халықаралық байқау жеңiмпазын дайындағаны үшiн диплом;
- Тәрбиешi Әдiлбекова Роза Өтегенқызы- Сәлем,күз!» атты қашықтықтан өткiзiлген Халықаралық байқау жеңiмпазын дайындағаны үшiн диплом;
- Тәрбиешi Еркiнбекова Гүлжамал Қуанышбекқызы- Сәлем,күз!» атты қашықтықтан өткiзiлген Халықаралық байқау жеңiмпазын дайындағаны үшiн диплом;
- Бүлдiршiн Болатбай Ералы Саматұлы- «Фотосурет» номинациясы бойынша жеңiске жеткенi үшiн I дәрежелi диплом;
- Бүлдiршiн Құрманғазыұлы Керей- «Бейнелеу өнерi» номинациясы бойынша жеңiске жеткенi үшiн III дәрежелi диплом;
- Бүлдiршiн Қуанышбек Адина Мақсатқызы-«Бейнелеу өнерi» номинациясы бойынша жеңiске жеткенi үшiн I дәрежелi диплом;
- Бүлдiршiн Түймебек Арша Ратбекқызы- «Аппликация» номинациясы бойынша жеңiске жеткенi үшiн II дәрежелi диплом;
- Тәрбиешi Абдраманова Дана Есеновна- Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық танымдық-тәрбиелiк журналының ұйымдастыруымен өткiзген «Шебер тәрбиешi» байқауына қатысқаны үшiн I дәрежелi диплом;
- Тәрбиешi Абдраманова Дана Есеновна- «Бақытты балабақша» байқауында бiлiмдiлiгi мен бiлiктiлiгi және ерекше шығармашылығымен үздiк деп танылғаны үшiн I дәрежелi диплом;

3. Психолог Г. Абдуллаева

«Жануарлар әлемі» ойынын ойнату арқылы ата-аналарды бізде бала болғанбыз деген өткен шаққа бір барып келуге ықпал етті. Бұл арқылы баланың әрбір ойынды ойнағанда оның белгілі бір шартының бар екендігін, сол арқылы ойнатса ғана ойында бала қызығушылығын тудыра алатынымызға көз жеткізді.

4. Медбике У. Байрбекова

Жаз мезгіліне орай, балабақшада маусымдық іс-шараның жасалғанын, соған орай балаларды балабақшаға жеңіл, басына жұқа бас киім кигізіп жіберу, жеке тазалықты сақтау жөнінде ата-аналарға түсіндіріп өтті. Жаз айы өте ыстық мезгіл болғандықтан баланың үй жағдайында тамақтануына аса назар аудару керектігін, салқын суды ішпеуін, күннің көзінде көп уақыт ойнап қалмауын қадағалауды, құм, су, күн процедурасын отбасында да өз уақытымен қолдану керектігі жөнінде кеңес берді.

5. Менгеруші Т. Бимырзаева:

Жазғы сауықтыру айларына орай балабақшаны, барлық топтардың сауықтыру айларына арналған перспективалық жоспарлары мен апталық циклограммаларының жасалғандығын, ойын алаңдарына жаңадан құм әкелініп төселгенін, ойыншықтардың жөндеуден өткізілгендігі жөнінде айтып өтті.

5. Ата-аналар комитеті төрайымы Ж. Жұматай:

Биылғы оқу жылында ата-аналар мен балабақша өте тығыз байланыста жұмыс атқардық. Оқу жылына жоспарланған барлық іс-шараларға, көктемгі маусымдық іс-шараларға да ата-аналардың ат салысқанын көрдік. Барлық ата-аналар атынан балабақшаның алдағы уақыттағы жұмыстарына шығармашылық табыстар тілеймін.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Оқу жылының жұмысы назарға алынсын.
2. Оқу жылында жүргізілген оқу-тәрбие жұмыстарының қорытындысы қанағаттанарлық.
3. Жүргізілген ойындар картотекасын ата-аналармен жұмыс барысында қолдану.
4. Маусымдық жұмыстың іс-шарасы бойынша жұмыстарды өз дәрежесінде жүргізу медбикеге міндеттелсін.
5. Жазғы сауықтыру айларының жылдық жұмыс жоспарлары бекітілсін.

Балабақша менгерушісі

Т. Бимырзаева

Ата-аналар комитетінің төрағасы

Ж. Жұматай

Хатшы

Г. Абдуллаева